

Корей Республикасының Премьер-Министрі Хан Мен Суктың Қазақстан Республикасына ресми сапарын дайындау және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 19 қыркүйектегі N 273-ө
Өкімі

Қазақстан Республикасы мен Корей Республикасы арасындағы екі жақты ынтымақтастықты нығайту, 2006 жылғы 21 - 24 қыркүйек кезеңінде Астана және Алматы қалаларында Корей Республикасының Премьер-Министрі Хан Мен Суктың Қазақстан Республикасына ресми сапарын дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Корей Республикасының Премьер-Министрі Хан Мен Суктың Қазақстан Республикасына ресми сапарын (бұдан әрі - сапар) дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қ а м т а м а с ы з е т с і н .

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы: қосымшаға сәйкес Корей Республикасы ресми делегациясының мүшелеріне қызмет көрсету жөніндегі ұйымдастыру шараларын қабылдасын; сапарды Астана және Алматы қалаларында өткізуге (Алматы қаласында бизнес форум өткізу) арналған шығыстарды қаржыландыруды 2006 жылға арналған республикалық бюджетте 001 "Мемлекет басшысының, Премьер-Министрдің және мемлекеттік органдардың басқа да лауазымды адамдарының қызметін қамтамасыз ету" және 003 "Республикалық деңгейде халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы" бағдарламалары бойынша көзделген қаражат есебінен қамтамасыз е т с і н .

3. Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Корей Республикасының ресми делегациясы мүшелерінің әуежайлардағы, тұратын және болатын орындарындағы қауіпсіздігін, жүретін бағыттары бойынша бірге жүруді, сондай-ақ арнайы ұшақты күзетуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі белгіленген т ә р т і п п е н :

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігімен және Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп, Корей Республикасының Премьер-Министрі Хан Мен Суктың арнайы ұшағының Қазақстан Республикасы аумағының үстінен ұшып өтуін, Астана және Алматы қалаларының әуежайларына қонуын және одан ұшып ш ы ғ у ы н ;

Астана және Алматы қалаларының әуежайларында арнайы ұшаққа техникалық қызмет көрсетуді, оның тұрағын және жанармай құюды қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі сапарды бұқаралық ақпарат құралдарында жария етуді қамтамасыз етсін.

6. Астана және Алматы қалаларының әкімдері Корей Республикасының ресми делегациясын баратын жерлерде қарсы алу және шығарып салу, сондай-ақ Астана мен Алматы қалаларының әуежайлары мен көшелерін безендіру жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларының орындалуын қамтамасыз етсін.

7. Қазақстан Республикасы Республикалық ұланы Астана және Алматы қалаларының әуежайларында және "Ақорда" Қазақстан Республикасы Президентінің резиденциясында Корей Республикасының Премьер-Министрі Хан Мен Сукты қарсы алу және шығарып салу рәсіміне қатыссын.

8. Осы өкімнің іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 0 6 ж ы л ғ ы 1 9 қ ы р к ү й е к т е г і

№ 273-ө өкіміне қосымша

Корей Республикасы ресми делегациясының мүшелеріне қызмет көрсету жөніндегі ұйымдастыру шаралары

1. Корей Республикасы ресми делегациясының мүшелерін Астана қаласындағы "Риксос Президент Отель" қонақ үйінде және Алматы қаласындағы "Анкара" қонақ үйінде 1+10 форматы бойынша орналастыру, тамақтандыру және оларға көліктік қ ы з м е т к ө р с е т у .

2. Қазақстан Республикасының Президенті Күзет қызметінің қызметкерлерін "Риксос Президент Отель" және "Анкара" қонақ үйлерінде орналастыру.

3. Баспа өнімін (бейдждер, автомобильдерге арнайы рұқсаттамалар, куверттік карталар, қабылдауға шақырулар) дайындау.

4. Корей Республикасы ресми делегациясының басшысы мен мүшелері үшін сыйлық және кәдесыйлар сатып алу.

5. Корей Республикасының ресми делегациясын Астана және Алматы қалаларының әуежайларында күтіп алу және шығарып салу кезінде шай дастарханын ұйымдастыру.

6. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Даниал Кенжетайұлы Ахметовтің атынан Корей Республикасының Премьер-Министрі Хан Мен Суктың құрметіне Астана қаласында ресми қабылдауды ұйымдастыру.

7. Іс-шаралар өткізілетін орындарды гүлмен безендіруді ұйымдастыру.

8. Алматы қаласында бизнес форумды қаржыландыру, оның ішінде: "Hyatt Regency" қонақ үйінің залын жалға алу, бір LCD проекторы мен экранын жалға алу, 80 адамға

ілеспе аударма жүйесін жалға алу, кофе брейк пен 80 адамға түскі ас.

9. Ресми делегацияның мүшелеріне және бірге жүретін адамдарға медициналық қызмет көрсету.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ